



«Бал-бөбек» бөбектін бағабакшасы ЖШС

Меңгерушісі: Р.Қаншөкеев

«Бал-бөбек»бөбекжай балабақшасының
2021-2022 оқу жылына арналған педогогикалық
кеңестің хаттамалары.

Шұбарсу елді мекені

2021-2022 оқу жылы

Педогогикалық кеңестің № 01 хаттамасы

26.08.2021ж

Қатысқандар -7

Тақырыбы: «Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі.

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен танысу

Күн тәртібінде

1. Балабақша педогогикалық ұйымының 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары мен үлгілік оқу жоспарымен ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қоспағанда) перспективалық жоспармен балалардың күн тәртібі мен таныстыру, талдау талқылау, бекіту.

2. Қазақстан Республикасын мектепке дейінгі ұйымдарында және мектеп алды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеумен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық.

3. Қазақстан Республикасының білім туралы насихаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығы

4. Тәлімгерлік туралы ережесін жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Р.Қаныбекова жас педогогтердің жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педогогикалық құрамына білім беру ұйымдының басшысы, әдіскер тәрбиешілер, психолог кіретінін айтты. Сонымен қатар, педогогикалық кеңестің өз құрымынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2021-2022 оқу жылында педогогикалық кеңестің хатшысы болып Б.Сейткеримова сайлағандарын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН әдіскер Б.Сейткеримова 2020-2021 оқу жылында педогогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамды педкеңестің хаттамасын сауатты жүргізіп баяндама, хабарламашылардың материалдардың өз уақытында жинақтап отыратындығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педогогикалық кеңес құрамын бір ауыздан хатшы ретінде әдіскер Б.Сейткеримова сайлауды ұйғарды.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Қаныбекова Р.Ш. жылдық жоспардың жасалу принципімен балабақшаның жұмыс бағытымен мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. 2021-2022 оқу жылына мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін-өзі тану арқылы қоршаған ортаға деген көзқарастарының мақсатында:

-Баланы салауатты өмір салтын тәрбиелеу өмірін сақтау денсаулығын нығайту.

-Рухани –адамгершілік құндылықтарына баулу, сүйіспеншілікке достыққа баулу.

-Баланы жаман әдеттерден аулақ ұстауға үйрету, жақсы қасиеттерге баулу.

-Қоршаған орта құбылыстардан адамгершілік қарым-қатынас жасау міндеті алынады.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Р.Қаныбекова Қазақстан Республикасының білім туралы Заңының 8-тарауы, 59-бабының 4-тармағына сәйкес өзіндік аттестату өткізетінін айтып өтті. Аттестаттау комиссиясының төрағасы тәрбие орын басары аттестаттау комиссиясының мүшелері енгізіледі.

Тыңдалды:

Балабақша қызметкерлермен жүргізілетін жұмыстар нәтижесінде:

-3 педагогта I-санаты бар.

Биылғы жылы тәрбиеші- педагог арапшы санаты алуға ұсыныс білдірді.

Аттестаттау комиссиясының төрағайы ретінде Р.Қаныбекова мүшелері ретінде «діскер Б.Сейткеримова психолог Мұсаева Г. Ны сайлауды ұсынамын деп қорытындылады.

Шешім:

1. 2021-2022 оқу жылының жылдық міндеттерімен жылдық жоспар бекітілсін. Жауапты әдіскер Б.Сейткеримова орындалу мерзімі оқу жылы барысында
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік, перспективтік жоспары бекітілсін. Жауапты топ тәрбиешілер. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
3. Аттестаттау комиссиясының төрағайы болып балабақша меңгерушісі Р.Қаныбекова мүшелері С.Сейткеримова, Л.Ағманова, И.Кушербаеваларды сайлауды ұсынамын деп қорытындылады.

Шешім:

1. 2021-2022 оқу жылының жылдық міндеттерімен, жылдық жоспар бекітілсін. Жауапты әдіскер Б.Сейткеримова, орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
2. Жас топтарына сәйкес құрылымын оқу жоспары күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі, перспективалық жоспары бекітілсін. Жауапты топ тәрбиешілер. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
3. Аттестаттау комиссиясының төрағайы болып балабақша меңгерушісі Р.Қаныбекова мүшелері С.Сейткеримова, Л.Ағманова, И.Кушербаева болып сайлансын. Педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру жұмыстары ұйымдастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрағайы

Р.Қаныбекова

Хатшы:

Б.Сейткеримова



Педогогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

18.11.2021ж

Қатысқандар - 11

Тақырыбы: «Ел ертеңі-бүгінгі болашақ ұрпақ»

Максаты: Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру.

Күн тәртібінде

1.Өткен кеңестердің шешімдерінің орындалуы

2 Балабақшадағы білім беру үдерісінде креативтілікті сыни ойлауды, коммуникативтілікті және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

3.Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Өткен кеңестің шешімдері жөнінде балабақша меңгерушісі Р.Қаныбекова сөйеді Балабақшаның жылық жоспары бекітіліп, жоспарланған жұмыстар атқарылуда.Топтардың перспективалық жоспары бекітіліп циклограмма жазылуда.Мектепке дейінгі ұйымда педогогтарды қайта даярлау курстарының жоспары бекіту

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Р.Қаныбекова сөз алды. Балабақшада білім беру үрдісінде креативтілікті сыни ойлауды, коммуникативтілікті және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту туралы балабақша әдіскері баяндама оқыды.Жаңа Қазақстанда білім беру саласы жаңа жүйе бағытымен әлемдік кеңестікке енуде.Елбасы жолдауында бұл даму мектепке дейінгі ұйымдарда басталуы қажет.Ойлау негіздері шығармашылық қабілеттері бпла кезден қалыптасды.Білім беру ісінде 4К моделіне креативтілікті, сыни ойлау, коммуникативтілікті және командада жұмыс істеуге басты назар аударылуда.Біздің балабақшада балалардың шығармашылығын қолдау мақсатында әртүрлі сайықтау өткізіледі.оларға балалар мен ата-аналар белсенді қатысады, онда балалар өз шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

Тыңдалды:

«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысын ұйымдастыру»тақырыбы бойынша тәрбиеші И.Кушербаева баяндама оқыды.Бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды проблемаларды ішіне табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде.Айнала бізді қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау оның бойындағы бар байлықты адам игілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану қорғау және кеңейту мәселесін ойдағыдай шешу бүгінде бүкіл дүние жүзі халықтарының алдында тұрған ортақ міндет.Балабақшадан бастап балаларға эколгоялық тәрбие беру керек. Тәрбиешілер алдына мына мақсаттарды қойды:

-табиғат құбылыстарының маусымдық өзгерістерін бақылату.

-көркем шығармашыларды талдау халық ауыз әдебиетін қолдана білу;

-тәжірибе жүргізу, арқылы өздеріне қорытынды жасай білуге дағдыландыру;

Баланың қоршаған ортадан табиғат құбылыстарынан алатын білімі, меңгеретін дағдысы экологиялық тәрбие берудің алғашқы негізі болмақ.

Шешім:

- 1.Бес білім беру саласында 4К моделі жүзеге асырылсын.
- 2 Қоршаған ортаға деген жауапкершілік серуенге бақылауда қалыптастырылсын. Серуен бақылаудың картотекалары толтырылсын,
- 3.Педогоикалық кеңестің шешімі үнемі қадағаланып орындалсын.

Педогоикалық кеңес төрағасы

Қаныбекова

Хатшы:



Б.Сейткеримова



Педогогикалық кеңестің № 3 хаттамасы

05.01.2022ж

қатысқандар 11

Тақырыбы: «Жарты жылдық жоспардың қорытындысы»

Күн тәртібінде

- 1 Өткен пед Кеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2 Педогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі
- 3 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделі
- 4 «Жанартылған бағдарламаның мектепке дейінгі мекемелердегі орны»баяндама

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Р.Қаныбева өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті.Барлық топтарда серуенде және бақылаудың картатекалары тақырыпқа сай жасалып толықтырылды және циклограммаларына енгізілді балалардың бастапқы бақылау қорытындысы нәтижесінде балалардың жеке даму картасында түзету шаралары жүргізілді.Вариативті компонентте дамыту ойындары картатекалары жасалды.

Тыңдалды:

:Балабақша әдіскері Б.Сейткеримова балабақшаның жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарған жұмыстар өткізген ертеңгіліктер семинарлар,жиналыстар,ата-анамен жұмыстары оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып,қағаз жүзінде өткізілді.Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есебін тапсырды. Тірбиешілер жылдық есептерін іс қағаздарын ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын,жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.

Тыңдалды:

Менгеруші Р.Қаныбекова Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту модельінің жалпы ережелері мен модельдің мақсаттары мен міндеттері оқып және күтілетін нәтижелерімен таныстырды.Модель мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтық Модельдің мақсаты дені сау дербес білімге құмар көпшіл, сыни тұрғысынан ойлайтын балдарды қалыптастыру.міндеттерін педогогикалық процесті жетілдіру оқытудың сапасын арттыру педогогикалық кәсиби өсуін камтамасыз ету,отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейту.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Б.Сейткеримова баяндамада «Жанартылған бағдарламаның мектепке дейінгі мекемелердегі орны»Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау,жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие,негізінің бастау бұлағы-мектепке дейінгі ұйымдардан басталғаны орынды Сонымен қатар мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың маңызы зор.Инновациялық сайт және т.б.жатады. Балабақша мультимедиялық оқулықтарды кеңінен пайдалану керек.Жаңа технологияларды оқу процесімен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәриеші міндеті.

Шешім:

1. Өткен кеңестің қаулылары орындалды
2. Жаңартылған бағдарлама, инновациялық білім беру құралдарымен жабдыкталып тәрбиешілер оқу қызметінтерінде пайдаланылсын.
3. ҰОҚ-ді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыруда педогогтар озық тәжірибелерді қолданды одан әрі арттырсын.



Педогогикалық кеңестің төрағасы

Р. Қаныбекова

Хатшы:

Б. Сейткеримова

Педогогикалық кеңестің №4 хаттамасы

04.03.2022ж

қатысқандар II

Күн тәртібінде

1.Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы

2.Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар жасау.

3.Грамматикалық дамудың ерекшеліктері баланың қалыпты жетілуі, қорларының жетілуі.

4.Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі: Р.Қаныбекова сөз алды. Ол сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды. Ересек топтардағы оқу қызметінің мазмұнына қарай тиімді технологияларды пайдаану жетістігі тақырыптық тексеру қорытындысына келетін болсақ, жақсы қанағаттандырылғы деңгейде. Қазіргі таңда тұлғаның жалпы эстетикалық қабылдауымен дамуының заманауи міндеттерін шешуге арналған эстетикалық өнерді оқытудың жаңа амалдарын табуға көп көңіл бөлінеді.

Өскелен ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру жүйесінде бейнелеу өнерінің алатын орны ерекше. Қоршаған ортаның сұлулығын көріп түсіне білу мәдениетті тәрбиелеуге көркем эстетикалық сезімді еңбек белсенділігін дамуына септігін тигізеді.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Б.Сейткеримова Баяндама «Балабақшада дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу» Дене жаттығуы баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Таңғы жаттығу қимылды ойындар, сергіту сәттері, серуен кезінде спорттық ойындар мен жаттығулар спорттық мерекелер, ойын-сауықтар, өткізуге тиіспіз. Таза ауада дене шынықтыру тек денені шынықтырып қоймай, тәрбиелік мәні бар білімін ұштастыруға септігін тигізеді. Бірін-бірі сыйлау ұйымшылдыққа адамгершілікке тәрбиелеуде маңызы зор. Ата-аналармен байланыс дұрыс жолға қойылса, спорттық ойындарға ата-пінелер белсенді қатысып жүргізілген жұмыс нәтижелі болады. Сонда қазіргі заманға сай жан-жақты жетілген бойында ұлттық сана мен имандылық әдебі бар, парасатты ұрпақ тәрбиелейміз.

Тыңдалды:

Баяндама И.Кушербаева «Грамматикалық дамудың ерекшеліктері баланың қалыпты жетілуі, тілдік қорларының жетілуі туралы» тақырыбында баяндама оқыды. Балабақшада тәрбиеленіп жүрген баланың тіліне ой-өрісі де үйде жалғыз жүріп өскен баладан анағұрлым жақсы дамиды. Онда баланың тілін жаттықтырып, ой-өрісін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Тілдің грамматикалық сөйлеу мәдениетін игеруде баланың сәби шағынан басталып, біртіндеп жетілетін кезең. Мектепке дейінгі балалармен сөздік жұмысын жүргіз тіл-дамытудың негізі болып табылады. Балабақшада 5 білім беру саласы бойынша жұмыс жасаймыз. Балалардың сөйлеу мәдениетін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуға айтқан әңгімесіне өзі құрастырған қызық әңгімелеріне бағыт-бағдар бере отырып, тіл байлығын сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймыз.

Тындалды.

Баяндама: Тәрбиеші Л. Ағманова балабақшада ұлттық ойындарды дамыту» Ұлттық-ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтарының бірі. Ұлттық метеп жасына дейінгі балаларға лайықтылары «Көкпар» «Орамал алу»»Тақия жасау»»Алтын қақпа»»Ақ серек көк серек» «Ақ сүйек» «Ақ сандық көк сандық» т.б. ойындар ойналады. Ұлттық ойындар дене шынықтыру оқу қызметінде кең қолдана отырып балалардың, дене тәрбиесін дұрыс жолға қою спорттық ш----ліктерін арттыру.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдері қанағаттанарлық.
2. Барлық топтарда жас ерекшеліктерін ескере отырып, дене шынықтыру ,сауықтыру шаралары әдіс-тәсілдері қолданылсын.
3. Балабақша топтарында серуенге дене шынықтыру оқу қызметінде, ойындарында, спорттық эстафеталық жарыстарда ұлттық ойындар қолға алынсын.

Педогогикалық кеңестің

Хатшы:



Р.Қаныбекова

Ж.Сәйткеримова

Педогогикалық кеңестің № 5 хаттамасы

Қатысқандар: 11

23.05.2022

Күн тәртібі

«Өткен педогогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

2. Ата-аналарына жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі Жедел тексеру қорытындысы.

Барлық то

3 Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі

4. Қорытынды мониторинг

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Қаныбекова Р. Сөйледі. Балабақшада балалардың өмірімен денсаулығын сақтау мақсатында күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстар өз нәтижесін беруде.Күн тәртібін сақтау құнарлы тағам уақытылы тынығу, сауықтыру шынықтыру жұмыстары нәтижелі жүргізілу арқылы балаларымыздың дендері сау шымыр,шыныққан тұлға қалыптасуда.

2.Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері жүргізілуі. Жедел тексеру қорытындысы. Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып. отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылығын дамыту. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса баланың бас ұстасзы-ата-аға. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырын үңілер болсақ бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Ал бар тәрбиешіміздің көзі-ата-бабалаларымыздан қалған асыл сөздер, яғни небір кереметтің барлығые ақыл сөздер мен мақал-мәтелдердер екені сөзсіз. Балабақшада барлық топ тәрбиешілердің балаға жан және дене өзгерістерінің

байланыстарын табуға көмектесу. Барлық ескертулерді шын пейілмен үстіре бағалалмай айдар тақпай жай түсіндіру. Балалардың бойында салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыруға бағытталған салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу. Денсаулықтың маңыздылығын құндылық ретінде түсіндіру. Дене тұрғысынан жетілдіру. Ертеңгілік жаттығу, күн режимін сақтау, таза ауда болып қимыл қозғалыс ойындарын ойнау.

Ата-аналарды бағдарлама бойынша қол жеткен жетістіктермен таныстыру, тәрбиешінің талаптарына ден қоюға бағыт беру. Мұндай сабақтарға ата-аналардың қатысуы балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары туралы ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырады. Баламен қарым-қатынас жасаудың жолдарын үйренеді.

Тәрбиешілердің ата-аналармен жұмыс жүргізуі бала тәрбиесі туралы терең жан-жақты қарастыру және оны бекіту.

Жарыс сөзге балабақша әдіскері Б.Сейткеримова сөз алды. Ол өз сөзінде балабақша тәрбиешілері мен ата-аналар арасында тығыз байланыс болуын атап өтті. Ата-аналар мен жұмыс барысында жыл бойы жүргізілген жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасағаны тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата-аналармен ұсыныс-тілектермен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауаптар кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылуы шарт.

3. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Р.Қаныбекова тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына тоқталып өтті. Педагогикалық үрдістің тиімділігі тәрбиешілердің өз ісін сапалы орындауымен анықталады. Сондықтанда тәрбиеші мектеп жасына дейінгі баларды оқыту, тәрбие және дамыту ідістемелері жағынан білікті болу керек. Тәрбиеші өз жұмысын ғылыми негізде теориялық тұрғыда сауатты жүргізе білсе, онда практикада

жүйелік бірізділік қалыптасып, нәтижесі табысты болмақ, Тәрбиешінің өмірден алған тәжірибесі, қабілеті адамгершілігі, қарапайымдылығы, мінез-құлқы әлдеқайда жоғары деңгейде болуы тиіс. Олқандай жағдай болсын, кедергілерге қарамастан балалармен тікелей тынымсыз жұмыс жасау болып табылады. Тәрбиешінің бір бойында бірнеше қызмет бар. Ол жаңа үрдісте заманауи технологияларды енгізу арқылы ұйымдасқан оқу қызметі, семинарлар, ғылыми жұмыстар мен және тағы басқа сайыс-байқауларды ұйымдастырып өткізуші, басқару арқылы нәтижелерге қол жеткізуін қолдаушы болып танылады.

2.ші болып Тәрбиеші Л.Ағманова өз сөзінде мен өзімнің әріптестеріме жаңа инновациялық әдістемелік көмек беріп оларға мейірімділікке, шапшаңдыққа кешіре білуге, бағыт беріп келемін. Қызметтестеріммен тең жағдайда сырласып, тыңдап, мен өз балабақшамның жұмысын жетілдіріп, жоғары деңгейде көтере алатыныма сенемін. Менің тәрбиешілік өызметімнің нәтижелігі өзге де педогогтардың өзін-өзі тануға ықпал жасау. Әрбір маман шығармашылығын шеберлігін, талаптан жаңғыртып, өз ісінің шебері атанса және оны балалармен жұмыста көрсете алса мен оны еңбегімнің жемісі деп түсінемін. Педогогикалық озық технологияларды ұйымдасқан оқу қызметі барысында пайдаланып, балалардың шығармашылығын дамытуға ақпараттық технологияларды пайдалану арқыл жүзеге асырдым. Бес жастағы бала зейінін дамытып, жеке тұлғаға айналдыру әр тәрбиешілерінің басты міндеті.

4. Екінші болып балабақша әдіскері Б.Сейткеримова сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиешілердің балалардың қорытынды мониторинг жүргізу тәсілдеріне тоқталып өтті. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері. Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педогог-Мектепке дейінгі педогогика мен психология негіздерін: баланаң біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістері: бақылау: ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, өнімді әрекет түрлері: мектепке дейінгі жастағы баланың біліктері мен

дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістерін: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет. Мониторингтің субъектісі мектеп жасына дейінгі 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалар. Мониторингтің объектісі балалардың жасы мен «Денсаулық» «Қатынас» «Таным» «Шығармашылық» «Әлеуметтік» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттері. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады. Және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады. 1) 1-деңгей-бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады; 2) 2-деңгей –бала істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие; 3) 3-деңгей- бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады. Мониторинг нәтижесін алу әдістері:-балаларды бақылау;-әңгімелесу;-бала әрекетінің өнімдерін талдау –деп атап өтті.

Шешім:

- 1.Өткен кеңес шешімдері орындалсын.
- 2.Тәрбиешілердің ата-аналармен жұмыс жүргізуі бала тәрбиесі туралы терең жан-жақты қарастыру және оны бекіту.
3. Оқу-тәрбие үдересінде еңбектің барлық түрлері қамтылып,жоспарлы түрде жүргізілсін.



Педкеңестің төрағасы

Р.Ш.Қаныбекова

Хатшы:

Б.М.Сейткеримова